

- 2 Smailova A., Kaukebekova B., Rakhymberlina S., Rakhimbaeva B. Features of the Verbal Layer of Fictional Fantasy Texts // Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series. – 2025. – No. 4. – P. 223–235.
- 3 Kasabek A. The Value Nature of National Spirituality // Field of Kazakh Studies: Study Guide / ed. Zh. Moldabekov. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 204 p.
- 4 Roesler C. C. G. Jung's Archetype Concept: Theory, Research and Applications. – London: Routledge, 2021. – 224 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003058458>
- 5 Abbar E. M. A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T. S. Eliot and Roland Barthes // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. 5, No. 4. – P. 138–142. – URL: [https://sarpublishment.com/media/articles/SARJALL\\_54\\_138-142.pdf](https://sarpublishment.com/media/articles/SARJALL_54_138-142.pdf)
- 6 Tryniecka A. Bakhtin's Dialogism, Intertextual Theories and Neo-Victorian Fiction // Annales Universitatis Mariae Curie-Skłodowska. Section FF Philologiae. – 2020. – Vol. 38, No. 1. – P. 171–185. – DOI: <https://doi.org/10.17951/ff.2020.38.1.171-185>
- 7 Verma A., Verma D. K. Digital Mythmaking: The Rebirth of Archetypes in Postmodern Literature // IJSRHSS. – 2025. – Vol. 2, No. 5. – P. 92–98. – DOI: <https://doi.org/10.32628/IJSRHSS253812>
- 8 Nurgali R. The Golden Age of Kazakh Literature. – Astana: Kultegin, 2002. – 528 p.
- 9 Iskakova Zh. M., Demessinova L. M. Urban Literature and Its Study // Bulletin of Dulaty University. – 2024. – No. 2. – P. 18–25.
- 10 Zhanuzakova K. T., Kambarova B. G. Artistic and Stylistic Searches in the Prose of T. Asemkulov // Bulletin of Toraighyrov University. – 2022. – No. 1. – P. 29–39.
- 11 Asemkulov T. Awakening in Beauty // Almaty Aqshamy. – 2013. – 26 December. – No. 155. – P. 5.
- 12 Zharylgapov Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana: Revista de Estudos do Discurso. – 2023. – Vol. 18, No. 4. – DOI: <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
- 13 Asemkulov T. Treasures of Bektory. – Astana: Public Foundation “Otuken Cultural Development Fund”, KazHeritage, 2025. – 400 p.
- 14 Khudaybergenov N. Universal Human Values in Modern Kazakh Prose: PhD Dissertation. – Almaty, 2020. – 163 p.

Received: 28.03.2026

XҒТАР 17.18.12.03

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp243-256](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp243-256)

**Қ.М. Байтанасова<sup>1</sup>, \*А.Е. Алимбаев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

## **ӘДЕБИ ТУЫНДЫДАҒЫ ЭМОЦИЯНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ СИПАТЫ**

*Мақалада әдеби туындының көркемдік кеңістігі мен эмоция категориясының эстетикалық сипаты қарастырылады. Эстетикалық түсініктің табиғи және әлеуметтік тұрғыда кемелденуі адамзат тарихымен ажырағысыз сабақтастықта екені дәлелденеді. Сол сияқты адамның тұрмыс-тіршілігіндегі, рухани дүниесіндегі өзгеріс, өнер түрлерінің пайда болуы, салт-дәстүр арқылы мәдени көріністердің орнығуы, қоршаған ортаға деген бағалауыштық-эстетикалық қабылдаудың тууына әкелгендігі айқындалады. Зерттеудің өзектілігі эстетиканың макроөрісі адам, қоғам, мәдениетті біріктіріп, адамзаттың рухани құндылығын жүйелеп отыратындығын негіздеуінен көрінеді. Зерттеу барысында әдеби*

шығармадағы эмоциялық ерекшеліктерді айқындайтын аспектілер талданып, оның эстетикамен байланысы ашылады. Атап айтқанда, әдебиеттің болмысы, шығармашылық, көркемдік-бейнелі ойлау ерекшелігі, суреткердің әлемді көркем қабылдау сипаты, бағалаудың объективтілігі пен субъективтілігі нақты поэтикалық туындылар арқылы эстетиканың полуфункционалды аспектісі айқындалады. Бұл ретте көркем шығарманы құрылымдық талдау басшылыққа алынып, мәтіннің идеялық, мәдени, көркемдік, стильдік (лексика-семантикалық) ерекшеліктері, эмоционалдық және рационалдық сана құбылысы дәйектеледі.

Нәтижесінде қоғамдық-мәдени эволюцияның әрбір жаңа сатысында адам баласы айналасындағы құбылыстардың көзге көрінетін заттық пішінінен басқа, эмоцияға ықпал ететін ішкі мазмұнын байқап, түсіне бастауының екі аспектісі ашылады. Олар: адамның сезімдік-эмоционалдық күйі қоршаған ортаның құбылыстарын негізгі эстетикалық бағалауыштық деңгейде: тұтастық, жетілу, жарасым, көркемдік түрде тануға жетті; адамзаттың білімі толыққан сайын ол неғұрлым кемел, жетілген дүниені орнықтыруға мүмкіндік алды.

*Кілт сөздер:* мәтін, эмоция, эстетика, бағалауыштық, көркемдік.

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақаланың негізгі ережелері әдеби шығарма арқылы берілетін эмоцияның мән-маңызын айқындап, оның эстетикалық сипатын негіздеуге арналған. Эстетикаға қатысты мәселелер адамзаттың рухани мәдениеті аясында философия, дінтану, әдебиет, өнертану, адамдардың материалдық қажеттігі, өндіріс, әлеуметтік-саяси қатынас, күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдаяты және басқа да практикалық қызмет аясында пайда болды [1]. Эстетиканың зерттеу саласы туралы адамзатты «homoesteticus - гомоэстетикус» ретінде түсінбей тұрып, жауап беру күрделі. Адам болмыстан, қоршаған ортадан эстетикалық күйді игеріп, содан берілген ұнамды эмоцияны қабылдайды. Эстетика өнертану ғылымындағы жан-жақты проблемаларға қатыстылығына қарамастан, одан өзге психология, әлеуметтану, семиотика, кибернетика зерттеулерін пайдаланса да, ол бұл ғылымдардың ешқайсысына толыққанды кірікпей, өзінің философиялық сипатын дербес сақтайды.

Эстетика тек адамның әлемді сұлулық және көркемдік тұрғыда игеру принциптерімен айналыспайды. Сонымен бірге бұл заңдылық эстетикалық бағалау мен көркемдік қызмет функциясының нақты шарттарын да жасап береді. Эстетика қоршаған ортаның сезімдік-танымдық сипатын зерттеп, жан-жақты әрекет: табиғат, қоғам, адам мен оның әр саладағы қызметімен ықпалдасады. Эстетикалық көзқарас арқылы адам күнделікті өмірде тартымды бұйымды, әдемі құбылысты, ерекше ғимараттарды, адамдардың биік моральдік әрекеттерін, мәдениет пен әдебиеттің бірегей туындыларын қабылдайды. Яғни адам болмысында пайда болатын әр саладағы эстетикалық қарым-қатынас эстетикалықтың жалпы логикалық мәнін айқындауға (дефиниция) бағытталады [2]. Адамның эстетикалық санасы оның мағыналық пішіндерін: эстетикалық қажеттілік, эстетикалық эмоция, эстетикалық сезім, эстетикалық талғам, эстетикалық идеалдың қызмет етуі мен дамуын реттейді. Осы ретте, сөз өнерінің атқаратын бірегей рөлі арқылы эстетиканың негізгі категориялары (әсемдік пен ұсқынсыздық, асқақтық пен көркемдік, трагедиялық пен комедиялық т.б.), олардың мазмұн эволюциясы әр түрлі көркемдік-стильдік контексте өз ерекшеліктерімен қолданылатыны мақаланың негізгі өзегін құрайды.

## КІРІСПЕ

Эстетика – философия ілімінің негізгі саласының бірі болса, эмоция – адамның субъектілі қабылдауы арқылы туатын психофизиологиялық күйі. Эмоция әр түрлі ахуалдың нәтижесінде адамның көңіл-күйінің, мінез-құлқының өзгеруін тудырады. Адамзаттың эстетикалық түсінігі оның даму эволюциясы бойында бірте-бірте қалыптасты. Эстетика

тарихынан белгілі, бұл терминнің теориялық қалыптасуы мен көнеден бастау алған ұғымның пайда болуы арасында үлкен тарихи үзіліс жатыр. Эстетика тарихы ұзақ дәуірлерді қамтиды. Бұл ғылымның дамуы кезінде тек эстетикалық көзқарастар ғана емес, философияның бір бөлігі ретінде тұтас әлем бейнесі жасалды. Эстетиканың зерттейтін мәселелері де, пән ретіндегі сипаты мен міндеті де толықты. Атап айтқанда: эстетиканың негізгі қағидаттарының алғышарты жасалды (грек натурфилософтары, пифагорлықтар); поэтика проблемасы, табиғат пен өнер мәселесінің жалпыфилософиялық қағидалары қозғалды (Аристотель); өнерге деген мемлекеттік бақылау мәселесі мен мемлекеттің адам тәрбиесіндегі рөлі кірікті (Платон); эстетиканың этикамен үндесуі айқындала түсті (Сократ); өнердің көмегімен адамды дінге қызмет етуге икемдеу орын алды (Тертуллин, Фома Аквинский); табиғат пен көркемдік қызметтің қарым-қатынасы орнықты (Леонардо да Винчи); өнердің өзіне тән ережесін жасауға ұмтылу әрекеті байқалды (Буало); өнердегі сезімдік танудың ерекшелігі танылды (Баумгартен); сұлулықтың барынша салтанат құруы, ең ғажайып әдеміліктің мадақталуы қалыптасты (Гегель) [3].

Яғни адам баласы эстетика деген атауды білмей тұрғанда-ақ, қаһармандық, әдемілік, асқақтық, қорқыныш, шаттану секілді эмоцияны бастан кешіп, өзге сезім-күйге, таным өзгерісіне түсіп отырған.

Эстетика эмоционалдық күйді тудырып, белгілі бір құбылысты қабылдаудағы гармония мен дисгармонияны тудырады. Сонда эстетика ұғымына тек жарасымдылық қана емес, белгілі бір құбылысты тануда оның сапа-қасиетін жан-жақты танып білу, ұнамды, ұнамсыз жақтарын қатар қабылдау да енеді. Бұған қатысты мысалдар көп. Мәселен, суретші өзінің картинасын қандай жағдайда жазатынына қатысты, бояудың түсі өзгереді. Егер далада, табиғаттың аясында жазса, қанық, табиғи түстер үйлесім табады. Егер шеберханада жазса, ондағы жарықтың түсуіне қарай бояудың реңкі өзгереді, құбылады. Яғни аса дарынды суретшінің туындысын қабылдау да әр түрлі эмоция тудырады. Себебі өнер туындысы автордың әр қилы мінез құбылысынан, көңіл-күйінен туады. Сондықтан ұлы өнер иесінің шығармаларының идеясы аса терең әрі жан-жақты болып, кейде ол символдық деңгейге дейін жоғарылайды. Мәселен, фольклорлық шығармаларда жақсылық пен жауыздық, адалдық пен кесепат қатар жүреді де, батыр, ақылды бала, дана қарт сол кедергілерді жеңіп, барша мұратына жетеді емес пе? Сол сияқты өнер туындысының жасалып, көпшілікке жетуі автордың қаншама эмоциясын, дарынын әйгілейді. Кейде бірдей объектіге қатысты түрліше эстетикалық талғам, қабылдау туып жатады. Яғни эстетика кеңістігі үнемі жаңа түсініктермен, өзгерістермен жетіліп отырды. Эстетика көп спектрлі ғылым болғандықтан, оның өзге ғылым саласымен ықпалдасуы үзіліссіз жүретіні белгілі. Эстетикалық ойдың өрістеу концепциясы осы ғылымдардың даму тарихымен үндесіп жатты.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу барысында негізгі материал ретінде қазақ фольклорындағы ғибрат пен нақылдың, ақыл мен парасаттың, даналық пен ақылгөйліктің үлгілері - мақал-мәтелдерден бастап, көлемді жыр-аңыздар мен шешендік сөздерге дейінгі терең тәлімдік қазынаға толы сипаты ашылып, поэзия жанрының эстетикалық-эмоционалдық қызметі талданады. Мақаланың теориялық-әдіснамалық бастауын шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің, ежелгі түркі дәуірі өкілдерінің еңбектері құрап, эстетиканың негізгі қағидаттарын, алғышартын айқындаған қисындардың әлемді танудың көне формасы синкреттілікке (бірнеше түрдің тоғысуы) негізделетіні дәйектелді.

Сол сияқты неміс классикалық эстетикасын негіздеген И.Кант («Таза ақылдың сыны»), Ф.Шиллер («Адамға эстетикалық тәрбие беру туралы хат»), Ф.Шеллинг («Өнер философиясы»), Г.Гегель («Эстетика») еңбектері арқылы тұтас эстетикалық жүйенің орнығуы, эстетикалық дамудың теориялық концепцияларының айқындалуы арқылы өнердің философиялық теориясы негізделген кезең ерекшеліктері сараланды. Ірі философтардың эстетикалық жүйені жан-жақты қолдап, өнердің нақты материалын меңгеріп, көркемдік стиль

мен бағыттың тарихи ерекшелігін оң бағдарлаған әдістер Ф.Ницше, А.Бергсон, Х.Ортега-и-Гассет, Ж.П.Сартр, М.Хайдеггер еңбектері арқылы салыстырылды. Отандық және шетел зерттеушілері А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Л.Коган Ц.Тодоров, Ю.Лотман еңбектеріндегі герменевтикалық, салыстырмалы, мәтіндік, жүйелі және өзара байланыстыра талдаулар негізінде өнер туындыларының көркемдік-бағалаушытың сипаты айқындалды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Философия мен өнердің әрқайсысы өз тұрғысынан өмірді бейнелеп, игереді. Дүниетанымдық жағынан философия әдебиеттің, бейнелеу өнерінің, музыканың әсерін қабылдай отырып, өнерге айтарлықтай ықпал етеді. Адам ойлауының тарихи дамуы жаратылыстың сұлулығы мен шығармашылық арқылы жасалатын әдеміліктің арасын үндестіруге тырысады. Алғашқы эстетикалық білім әлем туралы жалпыфилософиялық ойлаумен бірге өрістеді. Табиғаттың жарасымы адамзат тарапынан оны үнемі жасампаздықпен қабылдауға, мойындауға әкелді. Әдебиет қашан да гуманистік бағыттағы ізденістердің бастауында тұратыны белгілі. Қоғамдық санадағы жылдам өзгерістің өзін байқай алған әдебиет оны көркемдікпен, шығармашылықпен танып, бейнелеуге тырысты. Сондықтан да әр кезеңнің әдеби туындылары сұлулық пен эстетика туралы өз биігінен айта алды. Эстетика құбылысының түсіндірілімі мен мәнінің интерпретациясы адам қатынасын әлеммен байланысқа бағыттайды. Соның ішінде қоғам мен адам арасындағы көркемдік байланыс – сөз өнері арқылы көрінеді. Яғни, эстетика - қоршаған ортаның көркем-бейнелі формаларын эмоционалды қабылдау универсалийі. Әдебиет саясат, құқық, ғылым, философия, дін және моральді біріктіреді. Өзінің мазмұны жағынан рухани құндылық адам санасына шығармашылық ықпал ететін үш салаға сәйкеседі: ғылыми, гуманистік және көркемдік құндылық. Әдебиеттің екі негізгі сипаты бар: ойдан шығарылған заттық түр – шындықтың бейнесі; дербес тілдік конструкция, сөз құрылымы, автор арқылы ойдан шығарылған көркем дүниелердің жасалуы. Өнер – ақиқаттың көркем бейнеленуі. Өнер адам баласының қолынан жасалған жасанды дүние болғанымен, ол шынайы ортада өмір сүреді. Өнер аксиологиялық категорияларды, идеалды, моральдік-этикалық, гуманистік сапаны орнықтырады. Адамзаттың осындай мәңгілік түсініктерді игеруі өнер туындыларында бейнеленіп, эстетика мен сөз өнерінің үйлесіміне әкелді.

## ТАЛҚЫЛАУ

Эстетика рухани мәдениеттің бір бөлігі ретінде белгілі бір тұрмыстық-эмоционалды-сезімдік аймақтың заңдылығын зерттеуге бағытталды. Эстетикалық сезім де оның өзгермелі қызметінің қоршаған болмысқа ықпалын қадағалайды. Әлемді эстетикалық қабылдау – бұл жағымды құбылыстың орнығу, жасалу позициясы тұрғысынан құндылық қатынас нүктесінің айқындалуы. Адам өмірінде жетілу мен жеткіліксіздік бір-біріне қарсы тұрады. Жетілу – барлық құндылықтардың (идеал) жоғары деңгейі, барлық эстетикалық ұғымдардың (сезім, қарым-қатынас, баға, қасиет) берілуі. Эстетика философияның сезімдік заңдылық процесі туралы «қабылдау – қарым-қатынас, игеру» секілді адам әрекетінің, сол сияқты көркем шығармашылықтың мәні мен формасы. Қазақ этикасы мен эстетикасының бастауы ежелгі тарих қойнауларына сіңген. Халық ұлының тұлғалы, қызының ұстамды болуын қалап, соған тәрбиелеген. Сондықтан да халқымыз қысқа, тұжырымды, нақты сөйлеуді қалаған. Оған мақал-мәтелдер, нақыл сөз бен қанатты тіркестер дәлел. Қазақтың «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген мақалының мәні ұзақ жылғы тәжірибені, көрегендікті білдіріп, өзінің өмірден туған байламдарын дәл, ұғымды жеткізеді. Сол сияқты «Ер қанаты – ат», «Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ел көгереді», «Батыр – ел қорғаны» дегенде де халқымыздың үлгі тұтатын құбылысы қысқа да көркем тілмен түйінделген.

Зерттеуші А. Байтұрсынұлы «Әдебиет таңытқыш» еңбегінде: «Шешендік сөз қара сөз шығармалардың бөлек түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана: Шешен сөзде айтушының мақсаты баяндалып, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады. Оны істеу үшін шешендер жай байымдаушыларға айтқан сөзінің адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып билеп әкетуге ыждаһат етеді», – дейді. Адам баласы саналы ғұмырында сөзді, тілді шексіз қолданып, тіл арқылы өзінің тарихын, салт-дәстүрін, ел-жеріне, туған-туысына, деген ыстық сезім-ілтисатын білдірген. Сөз кейде қару жұмсалатын жерде қолданылып, жаугершілік пен тартыс-қақтығысты тыйған. Халқымыз ауылындағы телі мен тентекті де, ежелгі дұшпанын да қызыл тілмен тоқтатқан. Диалектикалық-материалистік гносеологияға сүйене отырып, эстетика өнерге тән мәңгілік ұғымын да айқындайды. Оның ішінде өнер туындысы автордың жазып, жарыққа шығуымен бітпейтіндігін, оның әрі қарайғы өмірі қоғам, дәуір қабылдауына түсіп, жалғасын табатындығын дәйектейді. Эстетикалық ілімнің тарихы, қазіргі эстетикалық концепциялар, әр дәуір шегінде пайда болған эстетика категориялары, сол арқылы орнығатын адамзаттың рухани құндылығы мәңгілік жалғасып отыратын құбылыстар. Өнер, адамның сан салалы көркемдік қызметін: эстетикалық және әлеуметтік, өнердің түрлері мен жүйесін, көркемдік шығармашылықты, өнер туындысын эстетикалық қабылдауды жүзеге асырады.

Қазақтың көшпелі тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігі әр маусымда өзгеріп, толығып отырды. Соның ішінде көш, маусымдық тіршілік, төрт түлік мал бағымы, қазақ ауылдарындағы әр түрлі салт-дәстүрлердің көрінісі ерекше орын алды. Әсіресе, маусым сайын қоныстың жаңаруы, табиғаттың түрленуі, жаңа үйлердің тігіліп, малдың төлдеуі, жаңа қоныстастарды қонақ етіп, әр түрлі ғұрыптарды атқару үлкенге де, кішіге де аса қызықты болды. Бұл кезде жайлы, ұйымшыл көптің әрекетін, көркем табиғаттың байлығын көрсететін орта қалыптасты. Әрі қазақтың ойын-сауығы мен әдет-ғұрпы негізінен шаруашылықпен, еңбек-кәсіппен байланысты болғаны мәлім. Бұл халықтың елдігін, дәстүрін, өнерін кәсіппен, еңбекпен байланыстыруын көрсетеді. Қазақтың қолөнері де оның философиясын, ұлттық ерекшелігін аңдатқан.

Қазақ топырағында әдептануды арнайы ілім ретінде қарастырған ойшыл – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол этиканы жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым ретінде таныды. Ойшылдың түсінігінде адам жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған аса құрметпен қарау керек. Философ «Бақытқа жол сілтеу» трактатында баянды тіршіліктегі адами бақыт туралы сөз қозғаса, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатында» былайша тұжырым жасайды: «Азаматтық ғылым еріктен туған әрекеттер мен мінез-құлық түрлерін зерттейді; осы әрекеттер мен мінез-құлықты туғызатын қасиеттерді, ниет-құлықты, туа біткен сапалар мен мінездерді зерттейді; осылардың жасалу мақсаттарын зерттейді. Адамға тән қасиеттердің даруына негіз болатын нәрсе белгілі тәртіптегі қалалар мен халықтарға тән. Ол әлгіндей әрекеттер мен мінез-құлық белгілі бір әдіспен басқарғанда, әрі оларды халықтың арасын нығайту үшін басқарғанда, ұнамды мінез, қасиеттер сақталады».

Түрік халықтарының этикасын дамытуға үлкен үлес қосқан ғұламалар шоғырына Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Игінеки, Сүлеймен Бақырғани және тағы басқалары жатады. Қазақ хандығы қалыптасқан кезден бастап қазақ этикасы негізінен ақын-жыраулардың насихат жырларында дамыды».

Халқымыздың табиғатына тән сабырлылық пен төзімділік оның дүниетанымына ықпал етті. Көп ретте баба дәстүрі сөздің күшімен атқарылды. Халқымыз дала заңына бағына отырып, жаратылыс ұсынған көптеген құпияның жауабын таба білді де, оны өзінің тұрмыс-тіршілігінің мәнді бөлшегіне айналдырды. Халық кейде көпке, ортасына, тіпті ұрпағына риторикалық сұрақтар қойды. Жаратылыстың метафизикасын қабылдап, соған сай ғұрпын, салтын орнықтырды. Адам тәні өлсе де, рухының мәңгілік екенін мойындап, ата-баба аруағына сыйынды. Мәңгілік деп санаған ұғымдарды түзді, сөздің магиялық күшіне сенді.

Риторика – халықтың сөз өнерінің табиғатын терең танып-түсінуден туындаған өнер, тіл өнері. Риторика ұғымы тілдің байлығын, қасиетін кемелдендіре түседі. Сөзді қадір тұтқан

халқымыздың «Жүйелі сөз – жүйесіне, жүйесіз сөз – иесіне», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Тіл – қылыштан да өткір» деген нақылдары сөздің қасиетін терең бағалағандығын көрсетеді.

Сөйлеудің ауыспалы мағынасы белгілі бір заттың мағынасының өзге затқа ауысуы ежелден классикалық риторикадан бастап қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасын тереңдетіп, байытады. Ежелгі және орта ғасырдағы поэтика мен риторикада поэтикалық тіл – бұл көріктелген, бейнелі тіл. Зерттеуші Цв. Тодоровтың пайымынша риториканың даму тарихында ең бірінші қолданатын құрал «орнаменттікке» («бедерге») беріледі [4]. Бұл жағдайда риторика мен поэзияның, поэтиканың арасы жақындай түседі. Риторика әдебиеттің теориясы мен практикасы ретінде дедуктивтік-метафизикалық түрдің рационалистігіне дәл сәйкеседі. Оған жалпыдан жекеге жылжу тән, сондықтан да бейнеленетін шындық «жалпы ортаға» тән бейнелеу сияқты. Ал, жеке стиль – шексіз қайталана беретін буындардың сипатын беретін ерекше комбинация. Шешендіктің мақсаты – танымның, ақылдың барша қырларын ашу, сол арқылы қоршаған орта, жаратылыс, өмірдегі барша құбылыстар туралы терең ойды, нақты қорытынды мен байламды бере алу. Шешендік өрнектер әдеби тілдің көркемдік қырларын ашып, мәнін тереңдете түседі.

Эстетика құбылысының түсіндірілімі мен мәнінің интерпретациясы адам қатынасын әлеммен байланысқа бағыттайды. Соның ішінде қоғам мен адам арасындағы көркемдік байланыс – сөз өнері арқылы көрінеді. Әдебиет саясат, құқық, ғылым, философия, дін және моральді біріктіреді. Өзінің мазмұны жағынан рухани құндылық адам санасына шығармашылық ықпал ететін үш салаға сәйкеседі: ғылыми, гуманистік және көркемдік құндылық. Әдебиеттің екі негізгі сипаты бар: ойдан шығарылған заттық түр – шындықтың бейнесі; дербес тілдік конструкция, сөз құрылымы, автор арқылы ойдан шығарылған көркем дүниелердің жасалуы. Өнер – ақиқаттың көркем бейнеленуі. Өнер адам баласының қолынан жасалған жасанды дүние болғанымен, ол шынайы ортада өмір сүреді. Өнер аксиологиялық категорияларды, идеалды, моральдік-этикалық, гуманистік сапаны орнықтырады.

Суреткер әлемі болып табылатын қоршаған ортаның қайталанбайтын моделі берілген көркемдік жүйеде қандай рөл атқаратынына байланысты көрінеді. Әдебиеттануда «затқа қатынас» белгілеріне қарай тұтас әдеби бағыттардың (натурализм, символизм, акмеизм) қызметі де айқындалып жатады. Жалпы, көркем мәтіндегі заттық әлем ондағы кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, тұрмысын, мінез қалыбын айғақтайды. Адам баласын қоршаған орта алуан түрлі. Оның заттық, деректілік сипатынан басқа, баршаға ортақ табиғат, жаратылыс бейнесі, құбылыстары да маңызды мәнге ие. Яғни өмірдің сандаған сипаты заттық әлемнен де асып, кең аралды қамтиды. Тіл мен мәдениеттің семиотикалық туыстығы мәтінді тереңдей қарастыруға мүмкіндік береді. Мәтін семиотикалық мәдениеттің компоненті санатында шығармашылық тұлғаның орнын айқындайды [5, 95]. Мәтінді мәдениеттің ерекше құбылысы ретінде зерттеу мәтіннің деңгейін, сабақтастығын, өзге мәтіндермен мәтіншілік, мәтінаралық қарым-қатынаста болатындығын дәлелдеді. «Бейнелі ойлау» теориясына сәйкес өнер бізге қоршаған ортаны, оның көрнекі, бейнелілігін қандай да бір нақты немесе ойдан шығарылған құбылыстар арқылы көрсете алады. Бейнелі ойлау негізінде көркем шығармашылық туралы ұғым оның ішінде өнердегі құбылыстың сезімдік бейнесі туындының кеңістігінде көрінеді. Бұл әрине, адамның эстетикалық түйсігіне, сол саладағы біліміне қатысты. Ешкімді мәжбүрлеп әлдеқандай бір құбылысты жақсы көруге итермелеуге болмайды. «Диалектикалық-материалистік логикаға сайығанда, объективті материалдық шынайылық танылып, ойлау формасының теориялық қисынында қабылданады. Ойлаудың қарама-қайшылығы идеясы әлей мектебінің тарихында терең қарастырылған. Олар алғаш рет философияда мойындалып, онда мән мен құбылыстың, сезім (эмоция) мен ойдың, тұрмыстың қайшылығы ашылды. Қозғалыстың қайшылығы тек сезімдік күйде емес, шын мәнінде пайда болды» [6, 18]. Ендеше, өмірдегі қарама-қайшылықтың бірге жұмсалуды белгілі бір құбылыстың мәнін аша түседі. Бұл ертеректе Канттың еңбектерінде талданған. Кант философиясынан байқалатын жүйе қарама-қайшылық теориясы ұлы философтың барлық

еңбектерінде дерлік көрініс беріп, оның мәні айқындалады. Шын мәнінде өнерді, эстетиканы қабылдаудағы қайшылық осы саланың мағынасын айқындай түседі.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.  
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,  
Денеңде бар дертінді қашырады.  
Өксіген оттай жанып жануарлар,  
Өзеннен рахат тауып басылады [7,117].

Ыбырай ағартушы-педагог ретінде өз шығармаларында әр құбылыстың мәнін бажайлап, ұғындырып отырады. Мәселен, тау өзенінің табиғатқа көрік қосатын сипатымен бірге, оның айнала тіршілікке беретін пайдасын қоса жеткізеді. Сарқырай аққан тау өзенінің салқын, таза қасиеті ыстық соғып, оттай қапырықтан қашқан жануарларға сая болып, дертті денеңді сауықтырады. Яғни жаз маусымының аптабына пана болады. Осы арқылы ақын дала табиғатының бар болмысын, оның ішінде қарама-қайшылықты жағдайын да түсіндіре жеткізеді.

Ақан серінің «Сырымбет» өлеңінде:  
Ауылым қонған Сырымбет саласына,  
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына.  
Бидайыққа лайық қарағым-ай,

Бөктергіге қор болып барасың ба? – деген жолдағы адамды ардақтау, сұлулыққа тәнті болу, сол әсемдіктің қадірін білмеу беріледі [8, 40]. Адам бойындағы асыл мінездің құндылығы қарама-қарсы ұғымдармен қатар берілу арқылы, мәнін тереңдете түседі. Мәселен, Қадыр ақында:

Асыл ғой деп сүйегі,  
Ардағын ел сүйеді.  
Адалдығың арамның  
Қытығына тиеді.  
Қорғайсың сен қауымды,  
Теңіңді, тауынды.  
Батырлығың бір минут  
Ұйықтатпайды жауынды [9, 54].

Ақын ақ пен қара қатар жүретін болмыстың ақиқатын айтып тұр. Адамның асыл қасиеттері биіктеген сайын пенделік оның шалғайына жармасып, кедергі келтіреді. Осы кезде адамның рухы жоғары болуы шарт. Эстетика мен көркемдік арасындағы мәселе әр түрлі аспектіде қарастырылып келеді. Алғашқысында эстетикалық пен көркемдік теңдес ұғымдар дегенге саяды. Бұған қарама-қарсы көзқарас кейбір батыс эстеттерінің пікірінде орын алған: екінші көзқарас бұл екі ұғымды айырым белгісінде қарастырады. Үшінші көзқарастағылар эстетиканы көркемдіктің бір бөлігі деп тұжырымдайды. Ал, төртінші пікір бойынша эстетикалық пен көркемдік әрі ұқсас, ортақ, әрі айырмасы бар ұғымдар деп саналады. Эстетикалық пен көркемдіктегі жалпы жағдай – олардың шығу тегінің ортақтығынан туындайды. Сезімдік-эмоционалдық пен рационалды-аксиологиялық негіз, структураның изоморфтығы, қабылдау, таным, бағалау мен өзгеру процесін біріктіреді. Белгілі философтардың, мәселен Канттың тұжырымына сүйенсек, оның «эстетическое суждение вкуса» («эстетикалық талғамды бағалау») ұғымы сезім және рационалдықты біріктіреді [10, 108].

Талғамды түйсінудегі эстетикалық талдау бірнеше мазмұндық спектрмен: танымдық, этикалық, мәдени, ментальділікпен байланысты. Осы тұрғыда Кант талғамды талдап, танудың екі мәселесін көтерген. Біріншісі, қанағаттану немесе қанағаттанбау негізіндегі талдап, қорытынды шығарудағы жалпылық; екіншісі қорытынды шығару талғамы субъектіге қажет.

Алайда бұл априорлық қызметке, талғамды тануды қолдауды әркімнен талап ететін мәжбүрлікке ұласпауы тиіс.

Қадыр ақындағы талғам таразысына тартылған ұғымдарға назар аударайық:  
Сахнада бұлбұл болып ән салып,  
Сандуғаштың сұңқылына тамсанып.  
Сұлулыққа өмір бойы ғашық боп,  
Сүйіп өту бақыт еді қаншалық [9, 56].

Теңіз кешіп, тасты бұзып, тау шағып,  
Тер төгумен өтсе өмірдің бал шағы.  
Тұлпарлардың тұяғындай артыңда,  
Із қалдыру бақыт еді қаншалық! [9, 82].

Екі шумақтағы сұлулықты тану екі басқа. Бірінші шумақта әдемілік, сұлулық нақты бұлбұл, сандуғаш секілді көркем тіршілік иелері арқылы берілсе, екінші шумақтағы *әдемілік, өмірге құштарлық еңбек ету, тер төгу, ұрпақ өсіру* секілді адам ғұмырының көркін дәріптеуге арналған. Ендеше, эстетикалық ақпараттың берілуі әр тарапты. Сонымен, көркем мәтінге эстетикалық функция тән, ол экспрессивті құралдардың көмегімен автордың тілдік бейнесін айқындап, дүниетанымын ашады. Мұндай автордың өз ойын дербес жүзеге асыруға көмектесетін бейнелеу құралдары белгілер жүйесін, мәдени және әдеби кодты, яғни ұлттық тіл байлығын кеңейтуге негіз қалайды.

Адам қымбат, ойнап-күлген,  
Шаттанған.  
Тас бауырлық – өмірді ұзу ақ таңнан.  
Тілім удай,  
Бірақ та мен шақпаймын.  
Шақпай айтам,  
У өзімде қалады.  
Бал арасы сияқтымын, бауырым,  
Менің тілім шаққан жерде қалады! [9, 250]

Адам баласының ғұмыры қарама-қайшылыққа толы. Халқымыз оны нақылдарында да өрнектеп, ғибраттап кеткен. Бұған өткен ғасырлар шегінде ұлы Абай да назар аударған

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ.  
Бес дұшпанын білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой,  
Бес асыл іс көнсеңіз [11, 60].

Бұл Абайдың адам болам десеңіз дегендегі қойған шарттары. Ақын тек ұнамды, асыл қасиеттерді ғана емес, кереғар ұғымдарды қоса тізбелейді. Яғни өз орнында тауып, өміріңді мағыналы еткің келсе, жақсыны да, жаманды да біл, таны дейді. Бұл эстетикалық талғамды қабылдауға, орнықтыруға жетелейді. Біреуі өмірді ермекке, жан қинамайтын дағдыға айналдыру, екіншісі абайлау, тану, түйсіну, ойлау. Екеуі де адам баласына тән дүниелер. Абайдың терең философиясы өмірдің мән-мағынасын толық ашып, талдап, түсіндіріп береді. Ал, олардан жинақталған тұжырымның аса тереңдігі Абайдың ұлы ойларының аса жемісті, терең тұжырыммен таразыланған ғибратты екенінің айғағы. Ақынның өмірдің жақсы-жаманын тең танығанынан туған байламдары. Ал, XX ғасырдың аласапыранды кезеңінде жасаған Сәкен Сейфуллин төңкерісшіл, дабылды өлеңдерімен қоса, жаратылыстың әсемдігін жырға қосып, жарасымды эмоция тудырады.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсы алтын кесе аясында.  
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті,  
Көкірек қанша жұтсаң тоясың ба?

Ырғалған көкке бойлап қарағайы,  
Қасында көк желекті әппақ қайың.  
Жібектей желмен шарпып төңіректі,  
Балқытып мас қылады иіс майы [12, 30].

Сұлулық эстетикалық көркемдіктің негізін құрай отырып, оның қажетті компоненті саналады. Л.Н.Коганның көрсеткеніндей «егер эстетикалық сәт жоғалса, көркемдік қызмет те тоқтайды».

Пейзажда динамиканың басымдығы байқалады. Себебі ауа райының жыл мезгіліне сай құбылмалы болатыны заңды. Осы ретте, ақын Қ. Аманжоловтың «Долы бұлт» пен «Дауыл» өлеңдерінің арасында ұқсастық бар.

Суырып көкте қылышын,  
Нөсерлі қара төнді бұлт.  
Тарылтып жердің тынысын,  
Тапатап түс болды ымырт («Долы бұлт») [13, 46].

Ышқына соққан дауылға,  
Құмартушы ем жасымда.  
Нөсерлеп құйған жауынға,  
Қызығушы ем жасынға («Дауыл») [13, 47].

Екі өлеңде табиғаттың екі құбылысының сипаты берілген. Аспанда бұлт торласа жауын жауады, қатты жел дауыл тудырады. Екі құбылыс та ауа райының мінезін танытып тұр. Екінші өлеңде тек табиғат суреті емес, адамның жаратылыс құбылысына деген ынтызарлығы байқалады. Ақынның әрекетке, өзгеріске бейім болмысы табиғаттың дауылын аңсайды («Мен дауылдың ұлымын, Тұра алмаймын дауылсыз»). Ал, ақын Ә. Тәжібаевтың «Бораны қыстың ұлып тұр», «Түн ұйықтаған қара мысық бейнелі» өлеңдері ауа райына хайуанаттардың мінезін үйлестірген («Бораны қыстың ұлып тұр, ызамен шашып ызғарын»; «Түн ұйықтаған қара мысық бейнелі, жұмсақ қана жылытады денемді»). Яғни мұндағы бейнелеулердің масштабы түрліше. Яғни табиғат суреті панорамалық немесе жеке-тұйық суреттеу аясында беріледі. Ландшафт элементтерінің берілуі де әр түрлі деңгейде. Кейде ірі, кейде ұсақ түрде беріледі. Табиғат суретін әр түрлі бейнеде беруі ақындардың көру, қабылдау ерекшелігіне, одан туатын сезім-күйге байланысты. Эстетикалық пен көркемдіктің айырмасы осы ұғымдардың өзінен туындайды. «Эстетикалық» ұғымы – жинақтаушы, ол жалпы: әсемдік пен ұсқынсыздықты, гармония мен хаосты, асқақтық пен төмендікті, трагедиялық пен комедиялықты біріктіреді. «Көркемдік» құбылыс немесе процесс деп өнер туындысының жасалып, қабылданып, қызмет етуі аталады. «Көркемдік конструкция», «заттың көркемдік қасиеті» деген тіркестер онда көркем шығармашылық деген ұғымның бар екенін білдіреді. «Өнер» сын, сапа ұғымын да береді. Эстетикалық көркемдікке қарағанда, табиғатқа, қоғамға, адамға, оның қызметіне, сонымен қоса өнерге тән. Көркемдік болса ол өнер әлемінде, ондағы шығармашылықта өмір сүреді. Көркемдік қызмет – адамның өзіндік, еркі, жаны қалаған әрекеті. Яғни «эстетикалық қызметтің» жеке заты, пәні жоқ. Ал көркемдік қызметтің пәні көріністің, бейнелі моделі, адамның айналасындағы болмысты бағалауы мен суреттеуі. Эстетикалық пен көркемдіктің тағы бір айырмасы егер табиғат құбылыстарында, адам қызметі өнімінде, адамның өзінде эстетикалық тек форма түрінде пайда болса, көркем туындыда эстетикалық екі еселенеді. Яғни өнер туындысында эстетика оның формасында да, мазмұнында да шынайы объектілердің көрінісі арқылы байқалады. Осы ретте көркем туындының мазмұны эстетикалықтың әр түрлі аспектісінде көріне алады.

Лирикада шарттылықтың басым екені рас. Кейде кеңістік бейнесі мүлде болмайды немесе басқаша, мағынасы ауыстырыла беріледі. Лирикада сонымен қатар уақыт қатынасының: өткендегі, бүгінгі және болашақтағы өзара бірлесе аралас келеді. Мәселен:

Балалық, сенен артық күнім бар ма,

Бала күнде бойымда мінім бар ма?

Бәріне жетем деймін, алам деймін,

Жас қиялда тоқталып, тыным бар ма? [14, 28]. Бұл шумақта адамның артта қалған балалық шағын аңсап, бәрінен артық көргені сипатталады. Мұндағы уақыттың өтуі шапшаң («бәріне жетем деймін, алам деймін», «тыным бар ма»). Балалық шақ бүгінгі күні еске алынып, өзге кеңістік арқылы ойға түсірілген. Өткен мен бүгіннің арасы алыс, сөйте тұра уақыттың жылдамдығы, қозғалыс, әрекеттің молдығы балалық шақты жақындатып тұр. Әрі бұл шаққа ақын ерекше мән береді. Осы балалық кезеңді дәріптеп, аңсау сезімі арқылы арасы мүлдем алшақ ұғымдарды жақындатып жіберген:

Өмір, өлім не нәрсе ұжмақ, дозақ,

Білмейді бақ, күндеу мен табалауды.

Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес.

Жігіттікті кәрілік қуып жетіп,

Ажал-дағы кешікпей жетесің-ау.

Туғанда қызықтаған жаңа жанды,

Тумағандай бір күн өтесің-ау [14, 28].

Лирикалық шығармалардағы ерекшелік айтатын ойдың эмоциялығының басымдығы. Ақын аңсап тұрған балалық шаққа қатысты ойын әрі қимастықпен, әрі қызғана жеткізеді. Балалық шақ – адам баласының ең бір бейқам сәті. Бұл кезеңде жеңілу, қорқу, қобалжу бола бермейді адам баласында. Тек жас ұлғая жас кездегі қамсыздық, уайымсыздық, биікке ұмтылу деген қиынға айналады. Енді балалық шақтағы біліп-білмей жасаған әрекеттер, тосын оқиғалар жас ұлғая келе арманға айналады [15]. Сол кезеңдегі жылдам, шапшаң өтетін уақыт бір-бірінен алыс ұғымдарды жақындатып жіберген. Поэма – лирика мен эпиканың арасындағы ерекшеліктерді өз бойына тоғыстыратын жанр. С.Торайғыровтың «Адасқан өмір» поэмасында автор адам өмірінің бес кезеңін алады. Олар: «Мен бала», «Мен жігіт», «Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік». Бұл кезеңдер арқылы кейіпкердің өмірі, басынан кешкен жайттары баяндалады. Бірінші бөлімде өмірдегі қауып-қатер, алдау, арбау, әлімжеттік пен қорқаулықтан ада жаны таза бала суреттеледі. Оның еш алаңсыз, сәбидей таза көңілі жаздың тамылжыған табиғатымен, күннің нұрымен астасып жатыр. Яғни баланың таза көңілі, адал жүрегі жаратылыстың тамаша көрінісімен егіздесіп кеткен. Мұнда өсіп, толысуға, кемелдікке ұмтылған жастың бейнесі беріледі. Уақыт қандай шапшаң болса, кеңістік те сондай тартымды, көркем. Ал, «Мен жігіт» бөлімінде әрекет, өзгеріс мол. Бірінші шумақ:

Мен жігіт, он бес-отыз арасында,

Бұл жаста көп: бересі-аласым да.

Алдымда толған мақсат, толған таңдау,

Алайын мынасын ба, анасын ба? [16,167-168]. Мұндағы жылдамдық, күш, әлеует басқа: күшті, өзіне сенген, таңдауына да көңілі тоқ адамның бейнесі. Мұндағы уақыт пен кеңістіктің құбылуы бірімен-бірі жарыспалы. Істеп жатқан ісі нақ бүгінгі болса, арман-қиялы алға озып кеткен. Алдыға озу, іздегенді табуға мүдделі. Кейіпкер 15-30 жас аралығында істейтін әрекетіне батыл кіріседі. «Мен тоқтадым» бөлімінде кейіпкердің әрекеті де, ойы да баяулаған. Жалпы қабылдау процесі ең алдымен дүниетанымға ықпал етеді. Ол – субъектінің танымдық, практикалық, эмоционалдық қызметі. Қабылдаудың нейрофизиологиялық сипаты И.П. Павлов, И.М. Сеченов, Б.Г. Ананьев секілді физиолог ғалымдардың еңбектерінде көрініс берді. Қабылдаудың экологиялық-психологиялық теориясы этнограф ғалымдар В. Штерн, М. Мид, К. Леви-Стросс; психоаналитиктер З. Фрейд, К. Юнг; кеңес дәуірінің психологтары С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев; философтар Г. Буркхардт, Г. Гельмгольц еңбектерінде көрініс берді. Ендеше қабылдау процесінің мәні әр тарапты.

Кейіпкердің кеңістік-уақыт бейнеленген аймақ шекарасынан өтуі көркем оқиға болады. Бұл ұғымға Ю.М. Лотман «Көркем мәтіннің құрылымы» еңбегінде мынадай анықтама береді: «Мәтіндегі оқиға дегеніміз – кейіпкердің «семантикалық өріс» арқылы өтіп, қозғалуы. Бұл жерде семантикалық өріс дегеніміз – тақырыптық өріс. Эпикалық немесе драмалық шығармаларда «семантиканың» құрамдас бөлшегі – бұл кеңістік-уақыттың универсалды, көлемді бейнелері бар «жеке мекеншақтар».

Дүниедегі жаһандық құбылыстар, жаратылыс пен адам өміріндегі әр тарапты өзгерістер тарихи-мәдени өмірдегі құбылыстармен іргелес тұрады. Адами тұрмыс-тіршіліктің дағдылы қалпы кеңістік шеңберінде өтіп, шынайы болмыстық ортада жасалуымен қатар, өнер туындыларында да суреттеледі. Әдеби туындыларда ұлттың, халықтың келбеті, тұрмыс-тіршілігі, көзқарасы суреттеліп, олардың әрқайсысына тән мәдени ортасы, этнографиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастары көрінеді. Бұл арқылы елдің мәдени-рухани дамуы, ой-парасаты бағаланады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қай халықтың да әлеуметтік-тарихи, мәдени саладағы өзекті проблемалары сол елдің өркендеуіне қажетті тарихи қисынды, ұстанымды, әдіснама мен көзқарасты ұсынады. Ғылыми ізденістердің ілгерілеуі адамзаттың тарихи кезеңдерге, бүгін мен болашаққа тереңдей қарауды, жаңа ақпараттарды зерделеп, толықтырып отыруды керек етеді. Адамзат кеңістігіне тарихи көзқарас оның дамуын, мемлекеттің, әр қоғам мүшесінің жетілуін дербес бағалауды көздейді. Тарихи-мәдени үдеріске жеке өлшеммен қарау ондағы концептуалды көзқарастардың әлеуетін айқындайды. Әдебиет – адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтарының шежіресі. Әдеби үдеріс өзінің әлеуметтік-эстетикалық қызметін атқарып, әр кезеңнің қандай да бір шығармашылық өкілдерінің ұстанған дәстүрін сақтап, жеткізіп отырады. Қазіргі әдеби үрдіс – мәдени-тарихи өмірдің бір тармағы. Әдеби процесті жалпы мәдени дамудан тыс қарауға болмайды. Әдебиеттің дамуында әдеби дәстүр ерекше маңызға ие. Көркемдік идея, түр, тақырыптың жалғасу дәстүрі қаламгерлердің көзқарастарынан туындап жатады. Өмірге қарым-қатынастың әр кезде кездесетін тарихи идеялық-эмоционалдық түрлері, жалпыадамзаттық, адамгершілік және философиялық проблемалар, өнердің «тұрақталған тақырыптары», сондай-ақ ғасырлар бойы жинақталған көркемдік түр әдеби үрдістің тіршілік етуіне қажетті дәстүрді орнықтырады. Көркем туынды – ұлттық болмысты айқындайтын негізгі ойларды жинақтайтын күрделі құбылыс. Соңғы кезде көркем мәтіннің құрылымы туралы эстетикалық түсініктер семиотика саласының ұғымдарымен толығырақ түсті. Көркем бейне – нақтылық пен жалпылықтың бірлігі. Ол сөз болып отырған құбылыстар туралы көрнекі ұғымдардың тууына әсер етіп, әдеби шығарма кейіпкерінің нақты өмірлік жағдайға тасымалдануы оқырман эмоциясын тудырады.

Автордың көркем дүниені тудыру барысындағы ойы, авторлық позициясы өзінің көркемдік шешімін тапқан жағдайда, көркем шығарманы оқыған оқырман да одан үлкен әсер алады. Тіпті, автордың «ойымен үйлесерліктей» іштей өзінің көрікті ойларымен қуана қолдап, өз қиялымен көркем дүниені қайта жасағандай жаңғыртып, оқырманға тән ерекше шығармашылық эмоцияны немесе жаңаша шығармашылық әрекетті бастан кешіреді. Сол шығармадағы оқиға мен кейіпкерлер жөнінде оқырман өзінше ой түйеді, айрықша сезім жетегіне түседі. Бұл дегеніміз – автордың шығармашылық тұлғасы көркем шығарма мазмұнынан, ішкі табиғатынан тұтас орын ала отырып, оқырманмен де авторлық позициясын бөліседі. Сөз өнерінің басты ерекшелігі болмысты адамға көркемдік-танымдық тұрғыда жеткізу. Сөз өнері, оның ішінде, поэзия сөздің тереңдігін, көркемдік құпиясын («Поэзияның негізі – құпиялылық», Н.Гоголь), бейнелілік қуатын ашады. Лирикалық шығармада автор өзіне, өз сезіміне бойлайды, өзінің сезім кеңістігінде болады. Сыртқы әлем автордың дербес қабылдауы арқылы көрінеді. Яғни «авторлық субъективизмнің» басымдығы байқалады. Лирикалық шығарма – автордың өзіндік ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологі. Қоршаған

ортаның барша құбылысы автордың дербес қабылдауы арқылы танылады. Сондықтан да лирикада көңіл-күй – эмоция құбылысы басты орында болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Үлкен Ресей энциклопедиясы: 30 томдық. 8-том. – Мәскеу: Энциклопедия, 2006. – 782 б.
- 2 Мейман Ә. Қазіргі эстетикаға кіріспе. – Мәскеу: Прогресс, 1988. – 297 б.
- 3 Гегель. Эстетика бойынша дәрістер: 2 томдық. 1-том. – Мәскеу: Наука, 2008. – 555 б.
- 4 Тодоров Ц. Символ теориясы / француз тілінен аударған Б. Наумов. – Мәскеу: Интеллектуалдық кітап үйі, 1998. – 408 б.
- 5 Семиотика: антология / құрастырған Ю. С. Степанов. – 2-басылым. – Екатеринбург: Искерлік кітап, 2001. – 702 б.
- 6 Әбділдин Ж., Әбділдина Р. Ойлаудың әмбебап формалары мен әдістері туралы логика. – Астана: Фолиант, 2014. – 352 б.
- 7 Алтынсарин Ы. Өмірі мен шығармалары/ Құраст. А. Мұқышева. – Алматы: Рауан, 2013. – 384 б.
- 8 Қазақ поэзиясының антологиясы. Екі томдық. Том 1. – Алматы: Жазушы, 1993. – 488 б.
- 9 Мырзалиев Қ. Мәңгі майдан. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1992. – 384 б.
- 10 Кант И. Таза ақылға сын / неміс тілінен аударған Л. Н. Лосский. – Мәскеу: Академиялық жоба, 2020. – 567 б.
- 11 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
- 12 Сейфуллин С. Шығармалары. 3 том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Фолиант, 2013. – 384 б.
- 13 Аманжолов Қ. Шығармалары. – Астана: Елорда, 2001. – 298 б.
- 14 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1993. -280 б.
- 15 Abdumanatovna A., Aymuhambet J., Baitanasova. The poetic interpretation of a binary opposition in the structure of myth. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2017. – Vol. 9. – № 1. – p. 11-20

Материал 29.03.2026 баспаға түсті

#### **Эстетико-оценочный аспект эмоций в литературном произведении**

К.М. Байтанасова<sup>1</sup>, \*А.Е. Алимбаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева Астана, 010000, Казахстан

*В статье исследуются художественное пространство литературного произведения и эстетическая природа категории эмоции. Утверждается, что развитие эстетического понимания в естественно-социальном контексте неразрывно связано с историей человечества. Также выявляется, что изменения в человеческой жизни, духовном мире, возникновение форм искусства и формирование культурных проявлений через обычаи и традиции привели к становлению оценочного и эстетического восприятия окружающей среды. Актуальность исследования заключается в том, что макрополе эстетики объединяет человека, общество и культуру, а также систематизирует духовные ценности человечества.*

*В ходе исследования анализируются аспекты, определяющие эмоциональные особенности литературного произведения, и выявляется их связь с эстетикой. В частности, на примере поэтических произведений определяется природа литературы, специфика творческого, художественного и образного мышления, а также особенности художественного восприятия мира художником. Исследуются объективность и субъективность оценки, раскрывается функциональный аспект эстетики.*

*Структурный анализ произведения искусства проводится с учётом идейных, культурных, художественных и стилистических (лексико-семантических) особенностей текста; обосновывается феномен эмоционального и рационального сознания.*

*В результате на каждом новом этапе социокультурной эволюции выявляются два аспекта, в рамках которых человек начинает воспринимать и осмысливать, помимо видимой материальной формы, внутреннее содержание окружающих явлений, влияющее на эмоции. Во-первых, эмоционально-чувственное состояние человека достигает уровня распознавания явлений окружающей среды на базовом эстетическом уровне (целостность, совершенство, гармония, художественная форма). Во-вторых, по мере углубления познания становится возможным создание более совершенного и развитого мира.*

*Ключевые слова: текст, эмоция, эстетика, оценочность, художественность.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Большая российская энциклопедия. В 30 томах. Т.8. – М.: Энциклопедия, 2006. – 782 с.
- 2 Мейман Э. Введение в современную эстетику. – М.: Прогресс, 1988. – 297 с.
- 3 Гегель. Лекции по эстетике в 2-х томах. Т.1. – М.: Наука, 2008. – 555 с.
- 4 Тодоров Ц. Теория символа. Перевод с франц. Б.Наумова. – М.: Дом интеллектуальной книги, 1998. – 408 с.
5. Семиотика. Антология. Сост. Ю.С. Степанов. Изд-е 2-ое. – Екатеринбург: Деловая книга, 2001. – 702 с.
6. Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Логика об универсальных формах и методах мышления. – Астана: Фолиант, 2014. – 352 б.
7. Алтынсарин И. / Сост. А. Муқышева. – Алматы: Рауан, 2013. – 384 с.
8. Антология казахской поэзии. Двухтомник. Том 1. – Алматы: Жазушы, 1993. – 488 с.
9. Мырзалиев К. Мәңгі майдан. Стихи. – Алматы: Жазушы, 1992. – 384 с.
10. Кант И. Критика чистого разума/ перевод с немец. Л.Н.Лосского. – М.: Академический проект, 2020. – 567 с.
11. Кунанбайұлы А. Собрание сочинений в двух томах. Т. 1. Стихи и переводы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 с.
12. Сейфуллин С. Собрание сочинений. Том 3. Стихи и поэмы. – Алматы: Фолиант, 2013. – 384 с.
13. Аманжолов К. Собрание сочинений. – Астана: Елорда, 2001. – 298 с.
14. Тораигыров С. Собрание сочинений в двух томах. Т. 1. – Алматы: Гылым, 1993. – 280 с.
15. Abdumanatovna A., Aymuhambet J., Baitanasova. The poetic interpretation of a binary opposition in the structure of myth. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities.* – 2017. – Vol. 9. – № 1. – p. 11-20

Материал поступил в редакцию журнала 29.03.2026

### **The aesthetic and evaluative aspect of emotions in a literary work**

K. Baitanasova<sup>1</sup>, \*A. Alimbayev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, 010000 Kazakhstan

*This article examines the artistic space of a literary work and the aesthetic nature of the category of emotion. It argues that the development of aesthetic understanding in a natural and social context is inseparably linked to human history. It also demonstrates that changes in human life and the spiritual sphere, the emergence of art forms, and the formation of cultural expressions through customs and traditions have led to the development of evaluative and aesthetic perceptions of the surrounding world. The relevance of the study lies in the fact that the macro-field of aesthetics integrates the individual, society, and culture, while systematizing humanity's spiritual values.*

*The study analyzes the aspects that determine the emotional characteristics of a literary work and identifies their connection with aesthetics. In particular, drawing on examples of poetic works, it explores the nature of literature, the specifics of creative, artistic, and imaginative thinking, as well as the artist's perception of the world. The objectivity and subjectivity of evaluation are examined, and the semi-functional aspect of aesthetics is revealed.*

*The structural analysis of a work of art is carried out with consideration of its ideological, cultural, artistic, and stylistic (lexical and semantic) features, substantiating the phenomenon of emotional and rational consciousness.*

*As a result, at each new stage of sociocultural evolution, two aspects are identified in which individuals begin to perceive and comprehend, beyond the visible material form, the inner content of surrounding phenomena that influence emotions. First, the emotional and sensory state of a person reaches the level of recognizing environmental phenomena at a basic aesthetic level (integrity, perfection, harmony, artistic form). Second, as human knowledge deepens, the creation of a more advanced and developed world becomes possible.*

*Key words: text, emotion, aesthetics, evaluativeness, artisticity.*

## REFERENCES

- 1 Great Russian Encyclopedia. In 30 volumes. T.8. – M.: Encyclopedia, 2006. – 782 p.
- 2 Meiman E. Introduction to modern aesthetics. – M.: Progress, 1988. – 297 p.
- 3 Hegel. Lectures on aesthetics in 2 volumes. T.1. – M.: Nauka, 2008. – 555 p.
- 4 Todorov Ts. Theory of symbol. Translation from French B. Naumova. – M.: House of Intellectual Books, 1998. – 408 p.
- 5 Semiotics. Anthology. Comp. Yu.S. Stepanov. 2nd edition. – Ekaterinburg: Business book, 2001. – 702 p.
- 6 Abdildin Zh., Abdildin R. Logic about universal forms and methods of thinking. – Astana: Folio, 2014. – 352 b.
- 7 Altynsarin I. / Comp. A. Mukysheva. – Almaty: Rauan, 2013. – 384 p.
- 8 Anthology of Kazakh poetry. Two-volume book. Volume 1. – Almaty: Zhazushy, 1993. – 488 m.
- 9 Myrzaliev K. Mangi Maidan. Poetry. – Almaty: Zhazushy, 1992. – 384 p.
- 10 Kant I. Critique of Pure Reason / translated from German by L.N. Lossky. – Moscow: Academicheskyy Proekt, 2020. – 567 p.
- 11 Kunanbayuly A. Collected Works in Two Volumes. Vol. 1. Poems and Translations. – Almaty: Zhazushy, 2005. – 296 p.
- 12 Seifullin S. Collected Works. Vol. 3. Poems and Poems. – Almaty: Foliant, 2013. – 384 p.
- 13 Amanzholov K. Collected Works. – Astana: Elorda, 2001. – 298 p.
- 14 Toraigyrov S. Collected works in two volumes. T. 1. – Almaty: Gylym, 1993. -280 p.
- 15 Abdumanatovna A., Aymuhambet J., Baitanasova. The poetic interpretation of a binary opposition in the structure of myth. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2017. – Vol. 9. – № 1. – p. 11-20

Received: 29.03.2026